

Семей мемлекеттік медицина университеті.

Қазақстан Республикасының  
Президентінің жыл сайынғы  
халқына жолдауындағы  
денсаулық тақырыбы

Дайындаған: Ахметова А.

ЖМ 326-топ

Тексерген: Базарбек Ж.Б



Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» тақырыбындағы Жолдауын Қазақстан халқына жария етті. Жолдаудағы көзделген мақсаттар және оған жету үшін қойылып жатқан міндеттер, Үкіметтің құзырлығымен орындалуға тиіс нақты белгіленген тапсырмалардың өзектілігі және қажеттілігі бұл құжаттың бір жылмен шектелмей, алдымыздағы жылдары да Қазақстанның тұрақты және жылдам дамуын қамтамасыз ететін, стратегиялық сипатындағы бағдарлама екендігін тереңінен, жан-жақты ашып көрсетеді.

- Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың еліміздің халқына Жолдауында 2030 жылға дейін экономикалық-әлеуметтік биіктерге көтерілу үшін рухани байлықтың, денсаулықтың қажеттігі атап көрсетілгені мәлім.. Сондықтан Жолдаудағы салауатты өмір салтын қалыптастыру, оны насихаттау шараларын белсендірек жүргізгеніміз абзал. Әсіресе жас ұрпақтың бойына тазалық пен сергектікті орнықтыру - біздің міндетіміз. Жасыратыны жоқ, бүгінде медицина саласы көптеген қиындықтарды басынан өткеруде. Нарық қыспағының, экономикалық қолайсыздықтардың қолбайлау болып отырғаны да анық.



- Міне, осындай жағдайда Елбасымыздың "Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулық жағдайын жақсарту жөніндегі бірінші кезектегі шаралар туралы" Жарлығы (1998 ж. 18 мамыр) дәрігерлер қауымының зор ықыласын тудырды. Елбасының дәрігерлік-санитарлық көмек сапасын жақсартуға, қоршаған ортаны таза ұстауға, бала мен ананың денсаулығын сақтауға, тіпті халықты ауыз сумен жабдықтауға дейін қамтыған бұл Жарлығын Қазақстан халқына деген жанашырлықтың айқын көрінісі деп түсінген жөн. Осы күнге дейін, шынын айтқанда, адам өлімінің көбеюіне, сәбилердің шетінеуіне, халық денсаулығының төмендеуіне тек медицина қызметкерлерін ғана жауапты санап келсек, енді, міне, мұндай келеңсіздіктердің болуына әсер ететін түрлі себеп-салдарларға көңіл бөлініп, оған тосқауыл қоюдың жолдары белгіленіп отыр.

- Бұған ресми деректерге ("Қазақстан. Отчет по человеческому развитию 1995". Программа ООН Алматы, 1995, 31-35 с, 42-44 с.) жүгініп көз жеткізу қиын емес. Ауруханаларда өлген адам саны 1984 -1991 жылдар аралығында әрбір 10000 аурудан 50 болса, ал 1991-1994 жылдары 410-ға өскен. Қатерлі ісіктермен ауыратын адамдардың саны 1970 жылғы деңгейден 1993 жылы 22 процентке көтерілген. Өкпе құрт (туберкулез) ауруы соңғы жылдары үдеген. Әсіресе жас босанған әйелдер арасында 3-5 есеге өскен. Әйелдердің жалпы денсаулық көрсеткіші орта есеппен 30 процент, әрбір екіншісі қанның аздығымен (анемиямен), әрбір алтыншысы бүйрек ауруымен ауырады. Жылына 200 келіншек босану үстінде жан тапсырған.

- 1993 жылы Алматы қаласы бойынша босанған әйелдер санын 100 процент десек, бала түсіру (аборт) 104 процентке жеткен. Бала түсіруден жылына 40 келіншек өлген. Балалар ауруының жалпы саны 5 миллионнан асып кеткен. Әрбір 100 бала 95 түрлі ауру түрлерімен ауыруда. Ал 1993 жылы туған әр 1000 баланың 28-і шетінеген. Қазақстанда мерез ауруы 1990 жылмен салыстырғанда 77 есе өскен. Бекер обалы не керек, кезінде кеңестік жүйеде медицина саласы, әсіресе профилактикалық шаралар тұрғысынан қарағанда, дүние жүзінде ең таңдаулылардың қатарында болатын. Осыдан тура жиырма жыл бұрын Алматыда Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы өткізген конференцияға қатысқан белгілі ғалым-мамандар Қазақстандағы медицина саласының озықтығын атап айтқан да еді. Амал қанша, бүгінде ол деңгейімізді төмендетіп алғанымыз ешкімге де жаңалық емес. Денсаулықтың мықты болуы көбіне адамның өзіне байланысты.

- Қаншама адам зардап шегіп, әр түрлі ауруға шалдығып жүр десеңізші! Ол бейшаралар қазіргі кезде жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтардай қаптап кеткен емші-экстрасенстарге алданып, ауыруларын әбден асқындырып алып, емханалар мен дәрігерлердің бірінен екіншісіне жүгіріп, әуре-сарсаңға түсуде. Өз денсаулығын өздері бұзып жүрген осындай адамдарды көргенде, шарасыз жағдайларына жүрегіңіз сыздап, қапаланып қаласыз. "Денсаулық - зор байлық" дейді дана хал-қымыз. Тек ойлап қарасаныз, денсаулық - адам баласына табиғат сыйлаған ең басты байлық. Сау кезімізде сол теңдесі жоқ табиғат сыйының бағасы мен қадірін білмейтініміз өкінішті-ақ! Мордва халқының: "Денсаулықтың шайқап алсаң кесесін, енді қайтып толтыра алмассың есесін" деген мақалы бар екен.





- Елбасының Қазақстан халқына биылғы Жолдауы негізінен тұрғын үй, денсаулық, білім және әлеуметтік мәселелерге бағытталған
- Елбасы Парламент палаталарының бірлескен отырысында жария еткен дәстүрлі Қазақстан халқына Жолдауы негізінен, бірінші –тұрғын үй салу саясатын игеруге, екінші - денсаулық сақтау проблемаларын шешуге, үшінші –білім беру ісіне, төртінші - әлеуметтік қамсыздандыруды одан әрі өркендетуге қатысты болды.

- Біз қазіргі таңда әлемнің барлық елдері тәрізді өз дамуымыздың аса бір күрделі кезінде отырмыз. Адамзат бұрын соңды басынан кешпеген, зор жаһандану процесі барған сайын өрістей түсуде. Біз де осы ғаламдасуға етек-жеңімізді жинап, тастүйін дайындықпен келуіміз қажет. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бұл туралы наурыздың 19-ы күні Парламент палаталарының бірлескен отырысында жария еткен дәстүрлі Қазақстан халқына Жолдауында айтты. Елбасының айтуынша, біз өз мүмкіндігіміз бен қабілетімізді баршамызға ортақ мақсатқа, еліміздің одан әрі өркендеуіне жұмсауымыз керек.

- «Біріншіден, денсаулық сақтауды басқару мен қаржыландырудың жаңа үлгісін енгізу. Екіншіден, медициналық қызметке қол жетімділікті және оның сапасын арттыру. Үшіншіден, әлеуметтік елеулі аурулардың деңгейін төмендету. Төртіншіден, медициналық, фармацевтикалық білім және ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру», деді министр. Оның айтуынша, бүгінгі күні денсаулық сақтау саласындағы проблемалық мәселенің бірі - ең алдымен, министрлік пен оған бағынатын аймақтық құрылымдар арасындағы үйлесімдіктің болмауы болып отыр



- . Сонымен бірге, білікті басқарушылардың жетіспеушілігі мен медициналық ұйымдардың өздігінен жұмыс жасай алмауы да алаңдаушылық тудырады. Осыған байланысты А. Дерновой орталық пен аймақтардағы өкілеттіліктің нақты жауапкершілігін ажырату үшін, министрлік пен жергілікті атқарушы органның арасында келісім-шарт түрінде саланың басым мақсаттарын жүзеге асыру қажет екенін атап өтті. «Облыстық денсаулық сақтау құрылымдарының жұмысын нығайту үшін оның басшыларының кандидатурасына міндетті түрде министрліктің келісімін енгізу тәжірибесі қамтылуы тиіс», деді министр.



- Денсаулық - бұл әр адамның ғана емес, бүкіл қоғамның құнсыз күйі. Жақын және қымбатты адамдармен кездескенде және қоштасқанда біз оларға мықты және зор денсаулық тілейміз, өйткені ол – бақытты және толымды өмірдің кепілі және негізгі шарты. Денсаулық бізге жоспарларымызды орындау, өмірдің негізгі мәселелерді табысты шешу, қиыншылықтарды өту, керек болса, едәуір ауыртпалықтарды көтеруге көмектеседі. Адамның ақылымен нығайтылып және сол қалпында сақталып отырған, зор денсаулығы, оған ұзақ және белсенді өмірді қамтамасыз етеді..



- Қазіргі кезде, жас адамдардың екінің бірі созылмалы аурулармен ауырады. Бұрын мемлекетіміз бізді спортпен шұғылданду үшін жағдай жасайтын. Ал, қазір? Ұлттың денсаулығына кім жауапты?
- Шынымен де, салауатты өмір салтының мәдениетін қалыптастыру біздің қоғамның ең өзекті мәселелерінің біріне айналды. Ғалымдар мен дәрігерлер дабыл қағады. Бірақ, сонда да, үрейге кетпеу керек.
- Денсаулық экономикалық және саяси мүдделерінен жоғары есептеледі. Әрине, ұлттың денсаулық мәселесі мемлекет өкілдерін де толғандырады. Қазақстанның көптеген қалаларында сауықтыру ісіне шындап кірісті. Мекенжайы бойынша қолайлы спорттық клубтар мен секциялардың саны көбейіп жатыр, жаңадан ашылып, ескірген спорттық алаңдар, бассейндер жөнделіп жатыр

- Бірақ, денсаулық - бұл дене шынықтыру және спорт ғана емес, бұл дұрыс әрі теңдестірілген тамақтану.
- Қазіргі өркениеттің негізі, дені сау және рухани дамыған адам болып табылады. Әлеуметтік - экономикалық және саяси өзгертулер, ізгілік құндылықтар және мұратын бекіту, дамыған экономикасын және тұрақты демократиялық жүйені орнатуда мағына жоқ, егер де олар адамдарға толымды өмір сүруге жағдай бермесе.
- Басқа жағынан қарағанда, дені сау ұлт мықты мемлекеттің нағыз белгісі болып саналады. Халықтың физикалық және рухани имандылық саулығы елдің зияткерлік әлеуетін, экономикалық мүмкіндігін және қорғаныс қабілетін белгілейді.

# Қорытынды.

- Сонымен қорытындылай келетін болсақ Менің мамандығым болашақ дәрігер болғандықтан, Жолдаудағы "Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әлауқаты" бағдарламасы айрықша әсер етті. Шынында да, қазақ "Тазалық - саулық негізі, саулық - байлық негізі" деп бекер айтпаса керек. Гүлденген экономиканы дені сау, саналы азаматтар жасайды. Сондықтан Қазақстан азаматтарының денсаулығын жақсартуға біздің де үлесіміз ерекше деп ойлаймын.

- Назарларыңызға
- рахмет